ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 12 қырқүйек Іс №1912-23-00-2/1326 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Е.Д.Байбутаев
сот отырысының хатшысы Р.Мусабаева отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтобе облысы Алға ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Акмарал» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі –Дубаев А.Ж.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 12 мамырдағы талап қоюшы және жауапкер арасында жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасақталған.

Шарттың жалпы құны 62 300 теңге. Шартың орындау мерзімі 2023 жылы 11 маусым.

Бірақ жауапкер өз міндеттерің жасалмаған.

Талап қоюшы сотқа талап арызбен толығымен құаттап, өндіру талап етті.

Жауапкер сотқа қатыспады, себебің көрсеткен жоқ. Осған байланысты оның қатысуз істі сот қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

АПК-нің 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Сотта анықталғандай жауапкер өзіне алған міндеттерің толығымен орындалған жоқ.

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

АПК-нің 109 -бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ақтобе облысы Алға ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қою арызы қанағаттандырылсын.

«Акмарал» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды.

«Акмарал» жеке кәсіпкерден мемлекет пайдасына сот шығындарын 1 725 /бір мың жетті жүз жиырма бес/ теңге өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 15.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 16.10.2023, судья Байбутаев Е. Д., 16.10.2023

Судья **Е.Д.Байбутаев**

Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 15.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 16.10.2023, судья Байбутаев Е. Д., 16.10.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»